


Сұлтаналі Халебаев

1 2007
25 к



Ең әдемі
көңзүшек



«Ана тілі»
баспасы
ЖШС
2006



Сұлтанали Балғабаев


Ең едемі
көмімдер

Әңгімелер
мен
пьесалар

Концепцияның негізінде салынған жаңа жаңа мәдений-әдебиеттік традициялардың көрнекілігін анықтаудың миссиясы болып саналады. Салынған мәдений-әдебиеттік традициялардың көрнекілігін анықтаудың миссиясы болып саналады. Салынған мәдений-әдебиеттік традициялардың көрнекілігін анықтаудың миссиясы болып саналады.



«Ана тілі»
баспасы
ЖШС
2006



*Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі*
Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды

Балғабаев С.

Б 22 Ең әдемі келіншек. (Әңгімелер мен пьесалар). — Алматы:
«Ана тілі» баспасы, 2006. — 272 бет.

ISBN 9965-670-77-3

Көптеген прозалық және драмалық шығармалары арқылы қалың оқырман мен көрермен қауымның ықыласына бөленіп жүрген белгілі каламгер-драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың бұл жинағына оның тандаулы әңгімелері мен пьесалары енді. Қаламгер каламынан туған әңгімелері мен пьесалары бүтінгі заман адамдарының психологиялық болмыс-бітімін, тірліктең каракетін, өмірдегі өзіндік күресін шынайы көрсетуімен ерекшеленеді.

Жинактың тілі тартысты әрі көркем, қызылдықты оқылады.

Б — 4702250200 — 06
00(05)-06

ББК 84 Қаз 7

[ISBN 9965-670-77-3]

© Балғабаев С., 2006

© «Ана тілі» баспасы ЖШС,
2006

Әңгімелер



ТОҚАЛДАН ТУҒАН ҰЛЫ КӨСЕМ

Бұл оқиға 1991 жылы Қазақстанның кілең қазактар тұратын «Коммунизм» дейтін ауылында болып еді.

Әрине, казак дегеннен кейін оның аржағынан руы не, қай жүзге жатады дейтін сұрақ туындаиды. Оған дұрыстап жауап бермесен біраз жүрттың айызы қанбайды, тіпті, кейбіреулер жазғаныңды оқымай қоюы да мүмкін – сондықтан да, амал жок, бір-екі ауыз шежіре айтайык.

Барлық адам баласы маймылдан жаралған дейтін сөз бар, оның отірік-шынын кім білсін, ал коммунизмдік казактардың Домбауыл дейтін шалдан тарайтыны өте анық еді. Яғни, баяғы заманда Домбауыл деген шал болған, сол Домбауылдан Бұланбай, Ұланбай деген екі бала қалған – коммунизмдіктер осы екі баланың үрпактары еді... Шежіремізді ұзакқа созбай, тап осы жерден бітірсек те жарап еді, бірақ мәселенің титімдей кілтипаны бар. Әлгі екі баланың ұлкені – Бұланбай Домбауылдың бірінші әйелінен, яғни бәйбішесінен, кішісі – Ұланбай екінші әйелден, яғни тоқалынан туған.

Егер Домбауыл тоқал алмай жәйіне жүрсе, сойтіп кейінгі үрпағы тек бәйбішeden ғана тараса, онда шежіренің басында Бұланбай да жок, Ұланбай да жок, қасқайып Домбауыл шалдың өзі тұрар еді. Домбауылдың бүкіл үрпағы кез-келген жerde өнгімені Домбауылдан бастан еді. Бірақ бәйбішeden және тоқалдан туғандар болып болінгеннен кейін мұндай ауызбіршілік байқалмайды. (Осыны қөргенде екі әйел алмау керек дейтін Коммунистік партияның баяғы саясаты көрегендік екен-ау деген ой келеді.)

Әрине, Ұлы Қазан төңкерісіне дейін, яғни феодализм заманында бәйбішіден туғандардың жұлдызы жаңып, тоқалдан туғандардың кор болып жүргендегі Казақстан тарихын жазған белгілі галымдардың енбегінде өте жақсы айтылады, сондықтан да сан гасырлар бойы бұланбайлардың ұланбайларды қалай қанап, езіп келгенін таратып айтпасақ та жарайды. Бірақ он жетінші жылы кызыл бәлшебектер женіп, Кеңес өкіметі орнағаннан кейін барлық тоқалдан туғандар сиякты ұланбайлардың да күні туып, езгіден құтылып, аңсаған армандарына жеткен. Сойтіп, олар кызыл туды көтеріп, «Интернационалды» әндептіп, барлық тап тар-

тысынын алдынғы шебіне шықкан. Ұланбайлар, әсіресе, байшарды көнпескелеуде айрықша көзге түсken. Елді колективтегі рууді де, ет өткізу мен мүйіз-түяқ дайындауды да артығымен орынладаған. Соған орай, сонау Мәскеудің өзінен мақтау қағаз да алған. Бірақ бұл мақтау қағазы әжептәуір қымбатқа да түсіп еді, ойткені мақтау қағазын аламыз деп жанталасып жүргенде ұланбайдың жартысы аштан қырылып қалған. Әрине, ұланбайлар бұған оншалыкты ренжи койған жок, адамзаттың жарқын болашағы — коммунизмнің құрбандақсыз келмейтінің түсінуге олардың санасы әбден жететін. Сондыктan да олар сүйегі ит-құска жем болып көмусіз қалған ұланбайларға жоктау айтып бас ауыртқан жок. керісінше, бақытты өмір мен ғұлденген Қазақстан туралы нешетүрлі өсем ән, шалқыған жыр шыгарып, мәз-мәйрам болып жатты. (Сенбесеніз сол кездегі газет-журналдар мен кітаптарды қарап көрініз). Міне, осы бақытты, шат-шадыман қүйде олар адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған ен сәүлетті қоғам құруға білек сыйбанып кірісті. Бұл сәүлетті қоғамның алғашкы баспалдағы колхоз болуға тиіс еді, бірақ осы жерде күтпеген қыындық кездескені. Барлық қазак сияқты ұланбайлар да колхозды ру бойынша құруды ойлаган, айтсе де жарқын болашақ — коммунизм жолында жартысы аштан қырылып, азырып қалғандыктan бұған мүмкіндік болмады. Содан амал жоқ, ұланбайлар өздеріне колхозды бірігіп құратын одактастар іздей бастады. Осындаи қын кезде естеріне ең жақын қандастары — бұланбайлар түсken. Бұл кезде бұланбайлардың да жағдайы анау айтарлықтай мәз емес еді. Төңкерістің нәтижесінде бәйбі sheden туғанбыз дейтін аскак қоңілдері басылған, оның үстіне олардың да жартысы аштан қырылған, сондыктan да әлгі ұсыныска қуана келісе кетті.

Қазақ өз қателігін басына таяқ тақ етіп тигенде бір-ак біледі — ұланбайлар да сөйтті, бұланбайлармен одактас болудын кате екендігін арада көп жыл откенде ғана түсінді. Ал бастапқыла бәрі тамаша еді. Олар әуелгіде колхоздың атын ұлы аталарының құрметіне Домбауыл деп атамақ болған. Бірақ бұған комсомолдар мен әйел тендігін қорғаушы коммунист қыз-келіншектер бір ауыздан қатты карсылық билдірлі. Ақыр сонында, колхоздың атын жер жүзіндегі бүкіл қаналушылардың қамкоршысы — ұлы Сталиннің атымен атауга токтады. Бұл шешімді жүрт бір ауыздан қуана қабылдады. Тіпті Кейқуат деген бір комсомол қызы-қыза келіп, «Домбауыл деген кім ол?! Көп қатын алған боржої! Ал біз ұлы Сталиннің үрпағымыз!» деп үрандалап та жіберлі. (Бұл хикаяны жазып отырған кезде жасы сексеннен асқан Кейқуат әлі тірі және жасының ұлғайғанына қарамастан мүндалагы оқиғаларға белсene араласады да). Кейқуаттың әлгі сезіне Домбауылдың бүкіл үрпағы дүрлдете шапалак үрды. Сойтіп Дом-

бауыл шал қаңғып қалғанмен, оның үрпактарының, әсіресе, ұланбайлардың жағдайы өте керемет болды. Токалдан туған, яғни езілген таптың өкілі ретінде колхоздың бастықтықтан бастап шатауаттықка дейінгі бүкіл билігі ұланбайларға тиді. Несін айтасын, ол бір ұланбайлардың колы жүрген, бағы дәуірлекен заманы еді. Жиналыста сөз сөйлейтін де – Ұланбай! Президиумда отыратын да – Ұланбай! Делегат болып, ауданға бара жататын да – Ұланбай! Ал бәйбішеден туған, яғни бай-құлактың өкілі бұланбайларда үн жок! Ұланбайлар қайда жұмсаса мөнтәндеп солай тартып бара жатады. «Айхай, дүние-ай! Айналайын Кенес өкіметі-ай! Сен токалдан туғандарға тендік алып беру үшін келтін екенсін ғой! Жаса, бәлшебек! Жаса ұлы көсем Ленин мен Сталин!» Ұланбайлардың аузынан күні-түні осы ұран түспейді. Куаныштарында шек жок! «Енді аз уақытта социализмге жетеді. Оның аржағында коммунизм! Ғажайып өмір! Ура, тарт сол коммунизмге қарай!» Сөйтіп мәз болып жүрген ұланбайлар акыр-сонында социализм де жок, коммунизм де жок, мандайлары тайқып, нағыз тозактың өзінен бір-ак шыкты. Бұл тозақ 37-ші жылғы репрессия еді. Яғни НКВД 1937 жылы «Сталин» колхозының шатауаттан бастап төрағасына дейінгі бүкіл басшысын айналдырыған бірер айдын ішінде түк коймай, түгел сыптырып, үстап әкетті. Сөйтіп, көзді ашып жұмғанша ұланбайлардың бүкіл бетке шығар каймағы, бас көтерер азаматы біржолата жок болды. Тіпті оқып жүрген студенттері де калмады.

Әрине, ұланбайлардың осынша тез, әрі бас көтере алмластай қүйреуіне бұланбайлардың сінірген еңбегі ересен еді. Әсіресе, баяғы комсомол Кейкуат айрықша қырағылық, тапқырлық көрсеткен. Колхоздың бастығы ұсталған күні-ак ол ұланбайдан шыккан бүкіл халық жауларының, барлық жапон, түрік, иран шпионардың тізімін жасап, дереу НКВД-ға апарып берген. Осының нәтижесінде ұланбайлардың туы біржолата жығылған. Жығылған емей немене, содан қайтып ұланбайдан атқа мінген ел баскарған азамат шыккан емес. Ал керісінше, бүкіл билік ұланбайлардың колына өткен. Сталин өлгеннен кейін ол бейшараңын да артына пыш-пыш сөз еріп, ақыры аты жойылып, колхоз «Коммунизм» болып тынған. Кейін ол колхоз «Коммунизм» совхозына айналған. Міне, осының бәрінде оны тек бұланбайлар баскарып келеді. Шатауаттан директорға дейін – бәрі солар! Жиналыс болса президиумда отыратын да – бұланбай! Депутат сайланғанда да – бұланбай! Бұланбайлар бірін-бірі демегенде, комектескенде сұмбылған! Бұланбайлар десе бәрі тас кенеше жабысып, оліп кала жаздайды. Ал осының бәрін үйимдастыруышы, бұланбайлардың ру бойынша бірігінін идеолог көсемі жоғарыда айткан – Кейкуат. Осыған орай, Кейкуатты кенірек танысты-

ра кетудін реті келіп тұр. Сексенге келсе селкілдеп қалатын кейбіреулер сиякты емес, Кейқуат әлі тын еді. Тын екені сондай, үйі мен кеңсенін арасына құніне әлденеше рет жүгіріп барып келіп тұратын. Денсаулығы ғана емес, ақыл-есі, ойы, санасты бәрі – сап-сая! Кейқуаттың әзір өлмейтініне, токсан түгілі, жүзге толып, ауылдағы үлкен клубқа кілем төсетіп, жиналыс жасатып, баяндама оқытып, шапан, гүл, конверт алып, мереій той өткізетініне Кейқуаттың өзі де, өзгелер де көміл сенетін. Тіпті кейбіреулерге Кейқуат, жалпы, ешқашан да өлмейтіндей көрінетін. Былай қарасан, бұл пікірдін жаны да бар. Сонау Қазан төңкерісінен бастап ауылдағы аласапыран оқигалардың бәріне де Кейқуат белсene араласып келеді. Ол өзінің саяси қызметін сонау комсомол кезінде мешіттерді киратып, бай мен молдаларды қойша қуудан бастаған. Міне, содан бергі жетпіс жылғы барлық саяси науқандардың алдыңғы сапында ылғи да Кейқуат қөкең жүретін және жүруі де қызық еді – откен ісімде қателік болыпты-ау, біреуге обал жасаппын-ау дегенді ешқашан да кеперіне алмайтын. Барлық ісін шын көнілмен, козіне жас алып, көнілі толқып жасайтын. Мысалы, Кейқуат қөкең 1937 жылы ауылдағы барлық активті өз колымен ұстасып жібергенде көзінен жасы мөлтілдеп: «Халық жауларына аяушылық болмасын! Оларға өлім келсін!» деп ұрандаған. Кейін сол халық жаулары халық жауы болмай шығып, ауылда ескерткіш ашыстанда Кейқуат мінбеке көтеріліп, тұра сол баяғы қалпымен көзінен жасы мөлтілдеп: «Арыстарым-ай! Халық үшін арманда кеткен азаматтарым-ай! Рұхтары мәңгі жасасын!» деп сөз сойлеген...

Сексен алтынышы жылы жастар алаңға шыкқанда Кейқуат жүрттан бұрын «бетімізге кара қүйе жағылды, каратаңба түсті» деп дауысы күніреніп «экстремистерді» карғап-сілеген. Өзі сиякты бірнеше еңбек және соғыс ардагерлерін үйымдастырып, аудандық газетке ашық хат жазған. Кейін Мұхтар Шаханов дейтін акын «экстремистер» деп жүргеніміздін шын мәнінде ешқандай да «экстремистер» емес екенін дәлелдегендеге Кейқуат тағы да жүрттан бұрын: «Қайран қыршындарым-ай! Халықтың бақытты мен бостандығы үшін опат болған боздақтарым-ай!» деп жоктау айтқан.

Әйтсе де Кейқуаттың ең кереметі – қазак халынын ауызбіршілігі мен татулығы туралы әңгімесінен көрінетін. Үйлену тойынан бастап сауыншылардың жиналышына дейінгі барлық бас косуларда Кейқуат сөз тисе міндетті тұрде «Жүзге бөлінгенин жүзі күйсін! Рұға бөлінген у ішіп өлсін! Атага бөлінген көмусіз қалсын, көмусіз қалғырлар» деп ұрандай жөнелетін. Сөйтін, рушылдықты сілейте жамандап алып, мінбеден түскен бойда, арина ең болмаса бір минут та уакыт салмай рушылдық қызметіне

белсеніп кірісіп кететін. Және бұл қызметін жамандығынан немесе қазакты жікке бөліп құртайын деген жымысқылығынан жасамайтын. Әділдіктің ақ жолы осылай болғандықтан жасайтын. Яғни, Кейкуаттың ойынша, қожа мен төреге дау жок, ал өзге қазактың ішіндегі ең мықты ру – бұланбай! Бұланбайлардың батырлығы, әулие-әмбиелігі, қорегендігі қазактың ешбір тайпасында жок! Бұланбайлар қазактың алтын дінгегі! Егер Кейкуаттың ортасында түртіп оятып жіберсен, ұшып тұрып «Жаса, Бұланбай!» деп ұрандар еді. Кейкуаттың колында бұланбайлардың өзгelerден артық жаратылғаны туралы толып жатқан дерек, шежіре, факт бар еді. Бұл деректерді жинауға Кейкуат бүкіл өмірін сарп етіп келе жатқан. Осы бағытта өлде де жиырма жыл, яғни жұзден асканша жұмыс істеуді қөздел жүрген.

Ал сонда Кейкуаттың бұланбайлардың тарихын зерттеудегі тәсілі қандай еді? Тәсілі де өзгеше, таңғажайып еді! Кейкуат секеннен аскан жасының ішінде ешқандай да архивтің табалдырығынан аттамаған еді. Тіпті, архив дегеннің не нәрсе екенін, онда қандай дүниелер болатынын да онша білінкіремейтін. Кітапханаға жылына бір-екі рет, онда да «Правда», «Социалистік Қазақстан» сияқты газеттерден жаңадан сайланған немесе өліп қалған қосемдердің өмірбаяндарын оку үшін ғана баратын. Мерзімдік басылым атаулыдан жаздырып алатыны – жалғыз аудандық газет. Оны да қай жылы экстремистерге арналған макаласын басқаны үшін емес, ет жеп болғаннан кейін кол сұртуге керек болғандықтан алдыратын.

Жалпы, тарихшыға, өсіреле өз халқын сүйетін партиот тарихшы адамға көрінген нәрсені оки берудің өте зиянды екенін Кейкуат баяғыдан білетін. Сондықтан да, Кейкуат тарихты зерттеудің ешкімге ұқсамайтын өз тәсілін ойлап тапқан. Бұл тәсіл былайша жүзеге асатын! Етке тойып, шәйге қанып алғанин кейін Кейкуат үйдегілердің бәрін тырқыратып далаға күшпесалып, есік-терезені тарс жауып, тас қараңғы бөлмеде басына екі қабат жастық салып, ұзыннан түсіп жата кететін. Сойтіп, тып-тыныш, қараңғы бөлмеде неше түрлі қиялға берілетін. Кейкуаттың қиялды өте жүйрік еді, әрі белгілі дәрежеде көріпкел әулиелігі де болатын. Сондықтан да шығар, сәл жатканин кейін қазактың бүкіл откен тарихы қәдімгі кино не теледидар көргендей самсаң көз алдына келетін. Бүкіл сары далаңғы қыргын шайқастар, қанды жорықтар, батырлардың жекне-жегі, «актабан шұбырынды» ап-анық елестейтін. Ол оқиғалардың бәрінің де алдыңғы шебінде ылғи бұланбайлар жүретін. Кейкуат кейде осылай жатып үйықтап та кететін, бірақ тарихты зерттеуі сонда да тоқталмайтын. Әлгі оқиғалар бұрынғыдан да бетер нешетүрлі құбылып, түсіне кіретін.

Ертеніне Кейкуат таңертенгі шәйден кейін көп немерелерінің біреуінің қолына сия қалам мен 15 тыныңқ тор көз дәптер ұстасып, бас жағын өнінде, жалғасын түсінде көрген шежірелерін жүйелеп қағазға түсіртуге кірсетін.

Қазақ болғасын қарап жүре ме, кейде Кейқуаттың бұл шежіресіне күмән келтірушілер де табылатын. Соның ен бастысы – ұланбайдан шыққан жалғыз оқымысты, әрі олардың көсемі, ҚазМУ-дың тарих факультетін бітірген Кауқай еді. Кауқай кезінде партия қатарына өтуге бес рет арыз беріп, бесеуінде де өте алмай қалып еді. Соның кесірінен қызметі де өспей, елуден асқанша қатардағы мұғалім болып, арманда жүр еді.

Міне, сол Кауқай мен Кейқуаттың әңгімесі әдетте төмендегідей өрбитін:

— Кәке, сізде ұланбайдың бүкіл шежіресі бар дейді, сол рас па? – деп сұрайтын Кауқай.

— Рес! Жалғыз шежіресі ғана емес, бәрі, бүкіл тарихы бар, – деп жауап беретін Кейқуат. Соны айтып, шан-шаш болған 15 тыныңқ дәптерді көрсететін.

— Кәке-ау, дұрыс кой. Бірақ, мұның бәрін қайдан... қай жерден алып жүрсіз? – дейтін Кауқай тарихшылық әдетіне ба-сып.

Кейқуат бұл сұракты түсінбейтін.

— Қайдан алғаны несі?! Айналайын-ау, бұл шежіре емес пе?! Тарих... Болған оқиға, – деп дау шығаратын.

— Болғанда да... енді мынау дәптеріңіз көдімгі... 15 тыныңқ... қазіргі заманың дәптері ғой. Ал тарих болған сон... архив... спрәпкі...

— Қарағым, спрәпкі беретін мен саған ауылсәбет емеспін... Басымды қатырма! – деп Кейқуат ашуланып 15 тыныңқ дәптерін жинай бастайтын.

Міне, осы сияқты кейбір жалақорлық кедергілерге қарамастан, Кейқуат ұланбайлардың тарихын негізінен зерттеп бітіп, енді олардан шыққан атақты адамдардың мolasын табуға белсене кірісіп еді. Бұл саладағы ізденісі де өте сәтті, сенсациялық жаңалықпен басталды. Арада бірер ай ғана уақыт өткенде Кейқуат бұрын қай ғасырда өмір сүргенін де анық білінкіремейтін ұлы бабасы Ұланбайдың сүйегі жатқан бейітті тапты.

Ұланбайдың жанадан табылған бейітін көруге ұланбайдың ірі басты адамдары түгел аттанды. Ұланбайдан тарихшы ретінде Кауқай бастаған төрт-бес адам, сосын Кейқуаттың экстремистерге карсы жазылған хатын басатын аудандық газеттің тілшісі ерді.

Ұланбайдың бейіті совхоз орталығынан жиырма бес шакырым жерде, облысқа баратын үлкен жолдың бойында екен.

Бейіт деген аты ғана, әбден тозған, жермен-жексен болып жоғалуға айналған. Тіпті, бейіттен гөрі бір замандарда сексеуіл мен баялышты араластырып салған обаның орнына үқсайды. Төмпешіктің бас жағына кісі бойындей гранит қондырып койыпты. Су жана! Күнге шағылысады. Гранитте бүгінгі орыс әрпімен әдемілеп қашалған «Жонғар шапқыншылығына қарсы ұлт азаттық соғыста аса ерлік көрсеткен батыр Бұланбай Домбауылұлы» деген сөз түр. Кай ғасырда өмір сүргені түгілі, тіпті туган, өлген жылдарының айы, күніне дейін көрсетілген. Келген жұрт әп дегенде митинг жасап, европалық әдетпен жалаңбастанып сөз сөйлеп, артынан бас киімдерін теріс қаратып құран оки бастиған. Құран оқылып бола берген кезде Кауқайдын есіне өзінің тарихшы екені тағы да түсे кеткен.

— Кәке, бәрі дұрыс қой, бірақ мына бейіттің анық Бұланбайдың бейіті екенін қайдан білдініздер? Оны немен дәлелдейсіздер? — деген.

— Немен дәлелдегені несі?! Мынау тұрған не, бұдан артық қандай дәлел болуы мүмкін?! — деп Кейқуат тас ескерткішке қараі иегін көтерген. (Саусакты шошайтуға болмайтын еді).

— Бәсе десейші... Бұдан артық қандай дәлел керек?! Қазақ деген осы, тасқа жазып қойсан да сенбейді, — деп өзге ұланбайлар да ренжи бастиған.

— Ағайындар-ау, бұл тас – бүгінгі тас қой... Кенес өкіметінің тасы. Бізге коне ескерткіштер керек... Қоңе ескерткіш... — деген Кауқай да өз дегенінен қайтпай. Қауқаймен бірге келген өзге ұланбайлар да осы пікірді қоштап шу-шу еткен.

Бұл даудың аяғы ұлғайып, баяғы Домбауыл шалдан тараған екі үрпак екі ру болып айдалада соғысуға айналды.

Әдегегідей соғыс ашуға үйтқы болған Кейқуат көкен еді.

— Жекпе-жек! Жекпе-жек! О, Бұланбай бабамның аруағы колдай гөр! — деді ол ортаға ойқастап шығып.

— Ya, аруақ! Ya, аруақ! Қатын болмасандар шығындар жекпе-жекке! — деп өзге ұланбайлар да шулады.

Ұланбайлар саны аздау болғандықтан соғысқа кіріспіл кете алмай біраз кідірді. Бірақ қашқанда құтылатын жер жоқ, айнала мидай жазық, амал жоқ, соғысуға тұра келді.

Қошпелілердің ежелгі заны бойынша жекпе-жекке бір жақтан көсем шықса, екінші жақ та міндettі түрде көсемін шыгаруы керек. Соған байланысты ұланбайлардан соғысты Кауқай бастайтын boldы. Сөйтіп ол да:

— O, Ұланбай бабамның аруағы, қолдай гөр! Қолдай гөр! — деп ортаға үмтүлды.

Талай майданды көрген көрі дала·тағы бір жекпе-жектің күәсі болуға айналды. Бірақ тап осы арада екі ортаға аудандық газеттің тілшісі киліге кеткені:

— Жолдастар! Жолдастар!.. Бір минутқа тоқтай тұрыныздаршы, — деді ол, жекпе-жекке кірісे берген батырларға қарап. — Мен ақыры қелген сон бұл жекпе-жек туралы репортаж жазуым керек. Соған байланысты бір сұрағым бар еді. Сіздер аман-есен тұрганда соны сұрап қалсам қайтеді?

— Сұра!.. Сұра! Тездетіп сұра, қане! — деді дөлебесі қозын тұрган екі батыр ентігіп.

— Сұрасам — былай, — деді аудандық газеттің тілшісі. — Жекпе-жек болғаннан кейін міндетті түрде біреуіңіздің мұрлем кететініңіз анық. Міне, сол мұрдем кеткен адамды өлгеннен кейін коммунист деп есептеуге бола ма?

— Эрине! Эрине! — деді, мұны естігенде өте қуанып кеткен Кауқай. — Егер ондай-мұндай боп кетсем мені коммунист деп есептеулеріңізді сұраймын! О, аурақ! О, аруақ! — деді сосын одан сайын қуанып.

Қауқайдың қуанатындаған реті де бар еді. Ол өз өмірінде бірінші рет партия қатарына өтудің ең үлкен мүмкіндігіне ие болып тұрган.

Көпті көрген Кейқуат мұны бірден аңғарды.

— Тоқта! Тоқта! Мен мынаны ғой қазір тырапай асырам. Сонын ол бірден коммунист болып шыға келеді... Солай ма? — деді ол Кауқайға қарай қолын шошайтып.

— Эрине!.. Эрине!.. Кешегі соғыста да сөйткен... Өлгендер бірден партия қатарына қабылданған, — деді Кауқай одан сайын қуанып.

— Кешіріңіз... Кешіріңіз... Мен өйтіп сүйікті Коммунистік партиямды кім көрінгенге кор етіп қоя алмаймын... Сау болыныздар, жолдастар!..

Кейқуат осыны айтты да, майдан даласынан безе жөнелді.

Бірі сексеннен, бірі елуден асқан екі батырдың жекпе-жегі сөйтіп қайдағы бір репортаж жазғыш тілшінің кесірінен аяқталмай қалды. Бірақ бұланбайлардың ашуы сонда да басылмай, митингіге келген бүкіл ұланбайды ұзын жолдың бойына жаяу тастап кетті...

* * *

Ауылға қарай шұбырып, жаяу келе жатқан ұланбайлар әбден діңкелеп, шаршаған кезінде алқа-қотан отыра қалып кеңес өткізді.

— Мына бұланбайлар әбден тасыды... Бізді адам құрлы көрмеуге айналды, — деді біреуі отырып.

— Әбден есірді, — деді екінші ұланбай. — Бұл корлыққа қашанғы шыдаймыз? — Қарабактағыдай жаппай соғыс ашсак қайтеді?! — деді үшінші ұланбай.

— Ашуға да болар еді, бірақ женіліске үшырап, үятқа қалмасақ, — деді бірінші ұланбай.

— Ұят-сүятты қою керек! Олар Бұланбайдан туса, біз Ұланбайдан туғанбыз. Атадан атанаң кемдігі жок! — деді екінші ұланбай.

— Дұрыс... бірақ сол кем еместігін дәлелдеу керек кой, — деді Кауқай әнгімеге араласып.

— Дәлелдеу керек болса, дәлелдемейсін бе?! — деді үшінші ұланбай шап етіп. — Біздей емес, оқыған атың бар... Университет бітіргенсін...

— Бәсе десейші, бұланбайлар сияқтанып біз де өз атамызға неге зәнkitіп ескерткіш түрғызып коймаймыз, — деді бірінші ұланбай.

— Ескерткішің не, совхоздын атын беру керек, — деді екінші ұланбай.

Сөйтіп ұланбайлар ұзын жолдың бойында отырып, өз атalaryның атын әлемге жайып, данқын қайта тірлтуге аnt беріп, уәде байласты. Бұл міндет оқымысты тарихшы ретінде Кауқайға жүктелді. Кауқай ауылға келісімен шамаданына біr үйітілген койды салып алып, құпия түрде жол жүріп кетті...

* * *

...Бірақ ұланбайлардың бұл құпия жоспары сол құні-ак әшкереленіп, дұшпан лагеріне жетіп үлгіріп еді. Бұған таңқалуға да болмайтын. Бұланбайдың көсемі Кейқуат ұланбайдың Байжұма дейтін біr адамын атам заманнан бері өзіне шпион ретінде пайдаланып келе жатқан. Кай құні айдалада отырып бұланбайларға қарсы ең құшті лағнет айтқан да, бітіспес күреске шакырып, ұран көтерген де — осы Байжұма еді. Рас, Байжұма о баста шпион болайын деп болмап еді. Көп қазактар сияқты Байжұманың да түбіне арак жетіп еді, яғни кезінде Кейқуат Байжұманы бағасы 2 сом 19 тиын тұратын біr бөтелкеге сатып алған. Ұланбайлар өздерінше бас қосып, ағайыншылықпен біr құпия мәселені қолға алса (мысалы, бұланбайдан шықкан көп бастықтың біреуінің үстінен жоғарыға арыз жазбак болса), Байжұма сол сәтте-ак жүгіріп барып Кейқуатқа жеткізе коятын. Кейқуат табан астында Байжұмамен есеп айрысып (көбіне біr бөтелкені екеуі бөліп ішіп), сосын жазылғалы жатқан арыздың желкесін қиодын камын жасап, қорғаныс құралдарын іске қосуға кірісетін. Бұл қорғаныс құралдарына соғым, кілем немесе 5 тиындық мәркісі бар томпигандай конверт жататын. Бірақ сыртқы түрі тым момақаң көрінгенмен олардың қуаты баяғы Свердловскінің үстінен Американың «У-2» шпион самолетін атып түсірген совет ракетасынан ешқандай да кем

түспейтін. Сөйтіп ұланбайлардың «АРЫЗ» деп аталатын бомбардировщик-шпионы облысқа, ең әрі кеткенде Алматыға жетер-жетпесте ешкімге де тырнактай зиян тигізіп үлгіре алмай тырапай асатын. Міне, осындай көп операцияны оте шеберлікпен жүзеге асырған бас қолбасшы Кейкуат Байжұманың соңғы хабарын өте дер кезінде жеткізілген, әрі барынша құнды хабар деп бағалады. Сол үшін бір бөтелкемен ғана шектелмей, қырлы стакан самогонды да үстемелетіп жіберді. (Арактың қымбаттауына байланысты бұланбайлар самогон қайнатуды да көдімгідей менгеріп қалып еді).

* * *

Төтенше сұық хабар алған бұланбайлар Қауқай қайтып оралғанша Бұланбайдың данқын ешкім мыйзыта алмайтындаі етіп, көкке қотеріп, қазақ халқының тарихына алтын әріптермен жазып үлгеру керек деген шешім қабылдады. Ұзамай бұл шешімнің алғашкы жемісі де көріне бастады. Аудандық газеттің бір нөмірі тұтастай Бұланбайға арналды. Екінші, үшінші бетте – Бұланбай туралы зерттеу енбектер, естеліктер. Төртінші бетте – Кейкуаттың Бұланбай батыр туралы дастаны. (Жалғасы келесі нөмірде). Эйтсе де ең кереметі – газеттің бірінші бетін тұтастай алған Бұланбай батырдың суреті еді. Суреттің кереметі сонша – ол сойып қаптап қойғандай Кейкуаттан айнымайтын. Сексеннен асса да сақал-мұртын жылмитып қырып жүретін Кейкуатқа ауылдағы халық театрының ешкі терісінен жасалған гrimін жapsырып, басына қаңылтыр шелектен дұлыға кигізіп, сол қалпында газетке жapsыра салғандай.

Бұланбайлар өз бабаларын осылай дүркіретіп бір насиҳаттап алғаннан кейін енді оның 285 жылдық тойын откізу қамына кірісті. Мереке қарсанында батырдың басына алып құмбез, қоладан құйылған ескерткіш тұргызу мәселесі қолға алынды. Соған орай Бұланбай атындағы қор ашылып, оның президенттігіне Кейкуаттың өзі сайланып, ел жағалап жүрттап жылу жинай бастады.

Алматыдан әдейі шақыртылған атақты мүсінші Кейкуатқа қарап отырып, Бұланбай батырдың атқа мініп, ұзын жолға қарай найзасын шошайтып айбат шегін тұрған бейнесін жасауға кірісті.

Бұланбайлардың ең үлкен арманы совхоздың «Коммунизм» деген атын өзгертіп, Бұланбайдың есімін беру еді. Соған байланысты бұланбайдан шыққан біраз соғыс және сцбек ардагерлері республикалық газетке пікір жазып, теледидардан сойлеп те жіберіп еді. Бірақ жүрт коммунизмге тезірек жетіп, рахат өмір сұруден әлі де үміт үзе коймаган еді. Сондықтан

ұсыныс көпшілік тарапынан қолдау таппады. Совхоздың партия үйымының хатшысы Есболған Қанағатович арнайы бюро өткізіп, ресми түрде қарсылық (протест) жариялады. Бұл үшін бүкіл ғұланбай, басы Кейқуат болып, Есболған Қанағатовичқа іштей қарғыс жаудырды, бірақ партия үйымының артында сот, прокурор, КГБ, милиция түрғандықтан, қарсылық білдіре алмай дінкелері күрыды.

* * *

Сөйтіп жүргенде, жым-жылас жоғалып кеткен Кауқай аяқ астынан ауылға қайтып оралды. Сапардың ауырлау сокқаны байқалып тұр: көзі кіртиіп, жақ жұні үрпийп, жүденкіреп қалыпты. Соған қарамастан өзі қөнілді, шамаданы да женеңдеген.

Және бір қызығы, ауылға кіре бергенде Кауқай Кейқуат пен кездесіп қалды. Екеуінің арасында мынаған ұқсас әңгіме болды:

— Ассалаумағалейкүм, Кәке! Құтты болсын! — деді Кауқай.
— Нені айтып тұрсың? — деді Кейқуат.

— Мынаны... Мынаны айтамын! — деді Кауқай, қалтасынан аудандық газеттегі ғұланбай батырдың суретін сұрып алып. — Өте ұқсайды!.. Сойып қантап қойғандай тұра өзініз...

— Мен сол ғұланбайдың үрпағы болсам... оған ұқсамағанда кімге ұқсайым... Шайтанға ұқсайым ба? — деді Кейқуат ренжіп.

— Әрине! Әрине! Өте дұрыс айтасыз! — деді Кауқай әлденеге қуанып.

Кауқайдын бұл қуанышы Кейқуаттың көкірегінде зор құдік ояты. Содан дерек Байжұма шпионын шақыртып алып, Кауқайдың не шаруа тындырып келгенін білуді талап етті. Бірақ Байжұманың әкелген мәліметі оншалықты құнды да, қызықты болмады. Кауқай келген бойда ғұланбайдан шықкан Әжімұхан дейтін бір қасқабас шалды шақырып алып, есіктерезесін тарс бітеп, Владимир Ильич Лениннің «Не істей керек» деген кітабын оқып жатқаны белгілі болды. Бұл Әжімұхан — «Коммунизм» аулының барлық шалдары сияқты намаз оқымайтын, ораза ұстамайтын, той болса келін-кепшіктермен стакан соғыстырып арак ішуді, сосын олармен қаска басы жалтылдан, бөксесі ғұланбайдан билей жөнелуді жақсы көретін шал еді. Жасырақ кезінде сондай бір келінімен қайта-қайта билеп, тіпті қыза келе бетіне беті де жақындалап кетіп, оны байқап қалған күйеуі (яғни, Әжімұханның өзінің жақын інілерінің бірі) Әжекенді жуан жұдырығымен как тұмсықтан періп жіберіп еді. Онбағанның сокқысының күштілігі сондай, Әжекеннің иегі қисайып, тіліне де аздап закым келіп, «Р» әрпін дұрыс айта алмайтын болып калып еді. (Мысалы, «Арагың бар ма?» дегенді

«Ағағын бағ ма?» деп айттын). Әжекен пайғамбар жасынан асқан соң иегінің қисайып жүргенін үят санады ма, шоқшытын кішкене сақал өсірген. Бірақ бұл сақал оның түрін біршама озгерткенмен, мінезін, әдет-тұрыптың оншалықты өзгерте коймаған. Той-томалак болған жерде Әжекенің жұз грамды тастап жіберіп, басы жалтылдап, бөксесі бұлтылдап келін-кепшіктермен билеуі, сөйтіп оның аяғы дау-дамай, айкай-үйкайға ұласуы қазірде де кездесіп тұратын. Жұрт Әжімұханның бұл женілтектеу, шатакқұмарлау мінезі аргы атасы Илиястан жүккән деп есептейтін. Ол Илияс деген де баяғы заманда болыс-правитель ме, аға сұлтан ба, әйтеуір бір мықтының келініне қырындап, оның соны үлкен жанжалға ұласып, Ілекен Сібір жакка қашып, хабарсыз кетіп еді. Илияс Сібірге қашқанды елде жас әйелі мен Толежан дейтін кішкене баласы қалған. Біз айтып отырған Әжімұхан осы Илиястың Толежанын туатын. Міне, сондай қызықты өмір тарихы бар Әжімұханның аяқ астынан пролетариаттың ұлы қосемінін «Не істей керек» деген еңбегіне не себепті күмар бола қалғаны оте түсініксіз еді. Мұның сырын біле алмай бүкіл үланбаільдин басы катты. Әсіресе, Кейқуат сүмдық абыржыды.

Сөйтіп жүргенде бір күні совхоз клубында «Үланбай руының тарихындағы кейбір актаңдақтар» деген ғылыми-теориялық конференция болады деген хабар шықты. Конференцияга үланбайлар тайлы-таяғы қалмай түгел жиналды. Бұланбайлардан да Кейқуат бастаған біраз құрметті конак келді. Аудандық газеттің баяғы репортаж жазғыш тілшісі де жетті.

Ғылыми-теориялық конференцияны өзі ашып, өзіне соз берген Қауқай баяндамасын тым ұзакқа созған жоқ. Дәлірек айтканда, бүкіл ойын бір-екі сөйлеммен тұжырымдады.

— Құрметті ауылдастар! Коммунизмдік жолдастар! Мен бүгін сіздерге өте бір қуанышты жаналықты хабарлагалы тұрмын. Бүкіл жер жұзі еңбекшілерінің ұлы қосемі, коммунистік партияның негізін қалаушы, ұлы данышпан Владимир Ильич Ленин қазақтан, казак болғанда да қәдімгі өзіміздің үланбай руынан шыққан екен, — деді ол соншама ри-зашылықпен.

Қауқайдың бұл сөзі бүкіл жиналғандарға жай түскендей әсер етті. Әсіресе, конференциядан кейін жас қуырдақ жеймін деп қиялдап отырған аудандық газеттің репортаж жазғыш тілшісі басы айналып, құлап кала жаздады.

Есін өзгелерден бүрын Кейқуат жиды.

— Не? Не айтып тұрсын? — деді орынан ыршып түрегеліп.

— Ұлы қосеміміз Владимир Ильич Лениннің руы үланбай екен деп айтып тұрмын, — деді Қауқай мізбакпай.

— Оттапсың! Мынаны құрту керек! — деді Кейқуат жұдырығын көкке көтеріп.

— Кешіріңіз, қазір отыз жетінші жыл емес, — деді Кауқай. — Алдымен сөз тында алсандаршы, — деді сосын.

— Иә! Иә! Сейту керек! Сөз тындау керек! — деп өзге ұланбайлар да шуыллады.

Залдағы айқай-үйкай біраз саябырысьды. Кауқай сахнадағы тақтаға сокырға таяқ ұстактандай ұлken әріптермен «Владимир Ильич Ленин» деген сөзді жазып қойды.

— Мынаны көрдіңіздер ғой? — деді сосын, көрсеткіш таяқшаның ұшымен әлгі жазуларды тұртіп. — Көрсөніздер, осындағы Ильич, яғни Илья деген сөз қазақтың кәдімгі Илиясынан шыққан. Және бұл біздің ауылдың Илиясы. Баяғыда Илияс дейтін ұланбайдың катын-баласын тастап, Сібірге қашып кеткенін бәрін де білесіндер! Мынау сол! Сібірге барған соң, орыстарға сініп, атын орысша өзгерткен...

— Дәлел... Дәлел қайда? — деді Кейқуат шыдамай кетіп.

— Дәлел — міне, — деді Кауқай қалтасынан бір парақ қағаз шығарып. — Облыстық архив бастығының өзі Илиястың Сібірге қашып барғаннан кейін Илья болғанын дәлелдеп отыр. (Осы сөзді айтқанда баяғы шамадандағы үйітілген қойдың қайда барып токтағаны біраз жұртқа мәлім болып та қалды). Сенбесеніздер, караныздар! Колы... мөрі, бәрі бар!..

Біраз жұрт сахнаға шығып, дәлелдің анық дәлел екенін өз көздерімен көрді.

— Ал енді Владимир деген сөзге келейік, — деді Кауқай, тақтаны қайта бір шұқып қойып. — Әлгі айтқан Илиястан Төлеужан деген бала қалған... Оны да жақсы білесіздер, солай емес пе?

— Білеміз... Білеміз. Тіпті сол Төлежаннан туған бала Эжімұхан әлі күнге арамызда жұрген жоқ па, — деді жұрт, басы жалтылдаған, бөкссесі бүлтүлдаған «бишині» еске алып.

— Білсеніздер, сол Илияс Сібірге қашып барғаннан кейін екінші мәрте үйленген, яғни орыстан тоқал алған. Ұзамай сол тоқалдан үл бала туған. Илияс ол баласының атын елдегі Төлежанға үйкастырып Бөлежан қойғап... Түсіндіндер ме? — деді Кауқай.

— Түсіндік... Түсіндік, — деп шу ете түсті жұрт. — Өсірепе, тоқал алған деуін өте түсінікті.

— Осы жерде бір ыңғайсыздау жағдай бар, — деді Кауқай сәл ренжінкіреп. — Дегенмен шындықты айтпасақ тағы болмайды. Әлгі Бөлежан ессеіе келе қазақша атын менсінбей, орысшага кошип, Володя болған. Одан Владимир шыққан... Оның дәлелі...

— Кауқай қолын қайтадан қалтасына сала бастап еді, жұрт:

— Керегі жоқ!.. Керегі жоқ! — деп айқайдан жіберді.

Бұл мәселеге, шынында, дәлелдің керегі жоқ еді. Қазакша атын менсінбей жүргендер сонау Сібір түгілі, кілен қазақ отырған осы «Коммунизмнің» өзінде де жетіп артылатын. Мысалы, Кей-куаттың Балжан дейтін қызы Валя, Конысбай дейтін ұлы Константин болып жүрген. Тіпті, Джон, Томас дегендер де бар еді.

— Әйтсе де бір сұрағым бар, — деді, бұланбайлардың бірі, женілгендерін мойындауға тырысыып. — Жарайды, жаңағы айтқаныңын бәрі дұрыс дейік. Ал бірақ, анау Ленин деген не сөз?! Ол да қазақша ма?

— Әй-әй, онша оқымайсындар... Сауаттарың нашар, — деді Қауқай кәдімгідей ренжіп. — Ленин деген сөз қазақша емес. Керек десеніз, орынша да емес! Ленин деген сөз— кличка! Кличканың не екенін білесіндер ме??!

— Білеміз!.. Білеміз! — деді, залдағы жұрт тағы да шу етіп.

— Білсендер сол! — деді Қауқай. — Ал Лениннің шыны пәмилесі Ульянов. Уль-ян-ов! Ал осы сөздің Уланбаевтан шыққаны айтпаса да көрініп тұрған жоқ па?! Яғни, Илияс қашып барған соң ізін жасырайын деп аргы атасы Ұланбайдың пәмилесін алған. Кейін бай деген сөзді құртып Ұланов, одан Ульянов болған...

Қауқайдың бұл сөзінің де жаны бар еді. Осы «Коммунизмнің» өзінде де әкелері бай-құлақ болған соң аргы аталарының атына өтіп кеткен қазактар жеткілікті еді. Тіпті, Көжекбай деген біреудің үрпағы байын да, көжегін де құртып, Кужиков бол жүрген. Оның қасында Ұланбаевтың Ульяновқа айналуы әншіейін ойыншық емес пе?!

— Дегенмен, бұған тағы қандай дәлелің бар? — деді Кейқуат соңда да касарысып.

— Дәлел жетеді! — деді Қауқай! — Қане, шығыңыз! — деді сосын айқайлад.

Осы сәтте сахнаға басына кепкі киген, ақ көйлек, кара галстукті, костюмінен желеті көрініп тұрған тапал бойлы, жүзі өте таныс бір кісі тез-тез басып шыға келді. Сонын тез-тез басқан қалпымен сахнаның тап шетіне, жиналғандардың қарсы алдына келді де, бір қолымен бүйірін таянғып, басындағы кепкісін жұлып алды да, қасқа мандаійы жарқ етіп:

— Бүкіл дүниежүзі пголетагы, бігінде! Уга! — деп айқай салды.

Өздеріне өте таныс кісінің кім екенін соңда ғана білген жұрт тәбелерінен екінші мәрте жай тұскендей есенгіреп қалды. Залда бір сәт шыбынның ызыны естілетіндегі тыныштық орнады.

— Социализм дегеніміз— Совет әкіметі және бүкіл елді электлендігү! — деді өте таныс кісі. Сонын кепкісін және бір бұлғап:

— Оку, оқы және оқы! Уга! — деп айқайлады.

Барлық жерден, бүкіл плакаттан күнде көріп жүрген ұлы қосемнің (яғни Лениннің) кенет тіріліп, саҳнаға шыға келгенін түсінген бүкіл зал «Ура! Ура!» деп дүрлігіп кетті.

— Бұл... бұл дәлел емес! — деп ышқына айқайлады Кейқуат қосемнің ролін ойнап түрған қадімгі маскүнем Әжімұхан екенін өрең танып. — Бұл әншайін ұқсастық!.. Өтірік!..

Осы сәтте Қауқай қойынынан Бұланбайдың Кейқуаттан айнымайтын суретін сұрып алды:

— Өтірік болса, ал сонда мынау немене?! — деді, суретті тұра Кейқуаттың қоз алдына тақап. — Бұланбайдың ұрпағы Бұланбайдың өзінен айнымаса, сойып қойғандай ұқсас болса, ол — дәлел! Ал Ұланбайдың ұрпактары бір-біріне ұқсаса, тіпті сөйлеу мәнеріне дейін айнымай жатса (Бұл жерде Қауқай ұлы Лениннің де Әжімұхан сияқтанып «Р» әрпін дұрыс айта аламағанын көлденен тартып еді), ол дәлел емес! Мұны қалай түсінеміз, құрметті Кәке?!

«Құрметті Кәкен» не айтарын білмей сілейді де қалды.

— Егер бұған да сенбесендер тағы да дәлел бар.. Неше түрлі дәлел! Қане... кане, қандайы керек! — деп Қауқай қолын қайтадан қалтасына сала бастады.

— Жок!.. Керегі жок!.. Керегі жок! — деп бүкіл зал (әсіресе ұланбайлар жағы) бұрынғыдан бетер шуылдады. — Ура! Ура! Жасасын пролетариаттың ұлы қосемі Бөлежан Илиясұлы Ұланбаев! Ура!.. Ура!

Сөйтіп ұланбай руының тарихындағы кейбір актандектар туралы ғылыми-теориялық конференцияны бұдан әрі созбаса да болатыны көрініп қалды. Конференция бітісімен ұланбайлар пролетариаттың ұлы қосемі Бөлежан Илиясұлына арнап боз қасқа шалып, ас берді. Құран оқылып біткеннен кейін жаппай арак ішу басталды. Пролетариаттың ұлы қосемінің ролін өте сәтті ойнаған Әжімұхан қонілі сүмдик шалқып, жұз грамды қағып тастап келіндерімен сүйіспіл қала жаздал, тайрандап билеп жүрді...

«Коммунизм» совхозындағы бұл жаңалықтың жүртқа қалай әсер еткені айтпаса да түсінікті шығар. Әсіресе, аудан мен облыстың бірінші басшылары катты абыржыды. Шынын айтқанда ол кісілер тарихқа шорқақтау еді. Әсіресе, қазақ халқында 17-і жылдан бұрын тарих болыпты дегенді мүлдем білмейтін. Мұның өзі каратүнек жамылған өткен заманға бұрылып, бас ауыртпай, бірден алға, жарқын болашақ — коммунизмге тұра тарта беруге мүмкіндік беретін. Сондықтан да, егер осыдан үш-төрт жыл бұрын болса қайдағы пәлені қоқытканы үшін Қауқайды айдағып алып, бірден түрмелеге тығар еді, ешкіммен келіспей, рұқсатсыз ғылыми конференция откізуғе жол берген парторғ Есболған

Қанағатовичты орынан алып, партиядан шығарып, енді кайтып адам қатарына косылмастай етіп жұмсақ жерінен бір тебер еді. Бірак, қазір адам түсінбейтін демократия дейтін бір нөле келіп, заман ала-құйын болып тұрған. Сондықтан да аудандагылар да, облыстағылар да пролетариаттың ұлы қөсемінің жерлес болып шыққаны жақсы ма, жаман ба, куаныш, бақыт әкеле ме; жоқ, кайғы-касіретке ұрындыра ма, өздерінің жоғары советке депутат болуларына, көптен киялдап, тұнде түсіне кіріп жүрген «Алтын жұлдызы» алуларына комектесе ме, әлде керісінше зиянын тигізе ме – осыларды ажырата алмай бастары қатты. Әсірессе, соңғы екі мәселенің – депутаттық пен «Алтын жұлдыздын» маңызы өте зор еді. Бұл жөнінен келгенде сауысканнан да сак болмаса болмайтын еді. Сондықтан да пролетариаттың ұлы қөсемінің руы ұланбай болғанын қалай бағалау керек дегенді аудандагылар да, облыстағылар да үзілді-кесілді шеше алмады. Сойтіп оны «Сен қалай ойлайсың?!», «Сіз өзініз не дейсіз?!» деп бір-біріне сілтеп, қакпақылға сала бастады.

Бұл қакпақылдың қаншаға созылары белгісіз еді, бірақ құдай жарылқап «1991 жылдың 16-ы тамызы күні құлқын сәріде ГКЧП деген үйим Мәскеуде әскери төнкеріс жасағты» деген хабар дүнк ете калды. Хабардың ен куанышты жері – төнкеріске КГБ-ның белсене араласқаны еді. КГБ өзі араласқан жердің бәрін женбей тынбайтының облыстағылар да, аудандагылар да өте жақсы білетін. Сондықтан да олар ұлы қөсемінің руы туралы мәселені қакпақылға салуды кілт доғарып, бірден іске кірісті. Сол 16-ы тамыз күні түске таман тарихшысымак Қауқай халық жауы – шпион ретінде ұсталып, облыстық архивтен алған құжаттарымен, оқып жатқан «Не істей керек» атты кітабымен қоса, КГБ-ның изоляторынан бір-ак шықты.

Қауқайдың изолятордағы будан кейінгі екі-үш күнлік өмірін, КГБ-ның тергеушісі одан қалай жауап алғанын, халық жауы – шпионның жалынып-жалбарынып аяққа жығылудың орнына қисайып, теріс сойлегенін, бұрын-сонды мұндаиды көрмеген КГБ-ның тергеушісі қатты қорланып, халық жауы – шпионды тұмсықтан періп жібергенін, сойтіп Қауқайдың мұрынның қаны айғақ зат ретінде алдында жатқан «Не істей керек» атты кітапқа сау ете түсkenін, тағы-тағы сондайларды тәтпіштеп суреттемесек те болар. Өйткені мұның бәрі КГБ-ның колына түскен әрбір халық жауы – шпионның көретін құқайығой. Сондықтан да, изоляторда жатқан Қауқайды коя тұрып, «Коммунизм» ауылдан оралайық. Әскери төнкеріске байланысты бұл ауылда біраз қызық нәрсeler болып жатыр еді. Ол қызықтың алдыңғы сапында әдеттегідей Кейкуат көкен жүрген. Әскери төнкерісті естігендеге Кейкуаттың төбесі кокке екі-ак елі

жетпей қалған. Қауқай үсталғаннан кейін бұл қуанышы тіптен күшейген. Оның себебі де бар еді. Кейқуат үшін дүниедегі ең маңызды соғыс Америка мен Вьетнамның да, Совет Одағы мен Ауғанстанның да, Израиль мен Палестинаның да арасындағы соғыс емес, ең басты соғыс – бұланбай мен ұланбайдың соғысы еді. Сондықтан да, Кейқуат мына аласапыран кезенді пайдаланып, ұланбайларды біржолата құйретіп, құртуға бел байлаған. Сөйтіп ол табан астында ауылдағы бүкіл бұланбайды жинап, колдарына неше түрлі транспарант ұстасып, көшеге шығарған. Ленин ескерткіші тұрған аланды үлкен митинг үйімдастырыған.

– Жасасын ГКЧП!.. Жойылсын демократия! Ура! – деп, Кейқуат қолдан жасалған мінбеге атып шығып, қызуулана шанқ-шаңқ айқайлаған. (Және бұл айқайы Кейқуаттың арада екі-үш құнғанға өткенде бұған мүлдем карама-карсы сарында ұрандауына еш кедергі жасай алмады).

– Ура!.. Ура!.. Жасасын ГКЧП! – деп өзге бұланбайлар да ауылды бастирына көтеріп қол шапалактаған.

Митинг осылай аса зор саяси өрлеу үстінде өтіп, үш баптан тұратын төмендегідей қаулы қабылдаумен аяқталған:

1. Ұлы Лениннің коммунизмге апаратын сара жолынан ауытқудың қандайына болса да үзілді-кесілді тиым салынсын!

2. Халық жауы, Жапония мен Чан-Кайшидің шпионы Қауқай дереке өлім жазасына кесілсін!

3. Бүкіл ұланбай руының өкілдері экстремистер әрі мал ұрлаушылар ретінде 48 сағаттың ішінде совхоздың территориясынан аластасын! (Бұл жерде мал ұрлаушы деген айыптың қайдан шықканы белгісіз еді. Әңгіме, сірә, баяғы облыстық архивке кеткен үйітілген кой туралы болса керек).

Қаулы әділ болу үшін бұған ұланбай руынан кем дегенде бір адам қол қойсын деген ұсыныс айтылған. Бұл ұсынысты Байжұма қуана костаған және экстремист ұланбай болып жүруді ендігі жерде өзіне «позор» (қазақша баламасын таба алмағандықтан тұра осылай деді) санайтынын, соған орай ұланбайлықтан шығып, бұланбай руының құрамына кіргісі келетінін айтып, саяси баспана сұраған.

Митингіге катысушылар Байжұмаға саяси баспана беру мәселесі кейін, ауылдық кенестің сессиясында (сессия мүшелері түгелге жуық бұланбайлар) қаралсын, әзірше оған «кірме» деген статус беріле тұрсын деген шешім қабылдады...

* * *

Сонымен бұланбайлар біржолата җеніске жеттік деп шексіз қуанып, ұланбайларды 48 сағат ішінде тұқым-тұяғымен жер аудару қамына кіріспін еді. Бірак, осы арада тағы да ешкім

күтпеген оқиға болды. Әлгі айтқан 48 сағаттың ішінде ұланбай-лар емес, мұлдем керісінше, бұлар соншама сенім артып үміт күткен ГКЧП құлады. Мұның күтпеген оқиға болғаны сонша Кейқуат өмірінде бірінші рет есендіреп, орынынан тұра алмай қалды. Жоғарыдағылар одан да жаман болды. Облыстың бірінші басшысы Алтын жұлдыздың реті тап осы жолы келген шығар деп сактықты ұмытып, қаттырақ кимылдан еді. Сонысы өзіне пәле болып жабысты. ГКЧП-ны қолдаған деген сөзге ілігіп, қорықканынан инфаркт алып тынды.

Ауданның бірінші басшысы одан ғөрі пысықтау болып шыкты. ГКЧП құласымен КГБ-ның изоляторында мұрынынан қаны ағып жатқан Қауқайды дереу босатып алды. Сойтіп оның мұрынының қанын өз қолымен тазалады. Қозінің көгерген жеріне пудра жакты. Шашын алдырып, иіс су септі. Рабкооптан соңғы модамен тігілген костюм-шалбар, алабажақ галустук әперді. Сонын ат шаптырым кабинетінің төріндегі оңаша шәй ішетін (кейде одан да басқа шаруалармен айналысатын) кішкене бөлмесіне апарып, айнаға қаратып еді — Кауқай өзін өзі танымай қалды. Қарсы алдында су жаңа костюм-шалбары, алабажақ галстуты бар, көзі жылтыраған әртіс сиякты біреу тұр...

* * *

Ауданның бірінші басшысы Қауқайды әлгі әртіс сиякты қалпымен ак «Волгаға» салып «Коммунизм» ауылынан бір-ак шығарды. Келсе, ауылдың бүкіл тұрғындары— buquerqueлайтар да, ұланбайлар да колдарына дәү-дәү транспарант үстап, кенснің алдындағы аланға жиналышты. Ленин ескерткішінің түбіндегі мінбeden бір топ адамның басы қылтияды. Қақ орталарында — Кейқуат! Ак «Волғаны» көре салысымен Кейқуат:

— Жасасын демократия!.. Жойылсын ГКЧП!.. Ура!.. Ура! — деп айқай салды.

Оған ілесе бүкіл жұрт транспаранттарын олай-былай бүлғап, «Ура!.. Ура!» деп шулады. Айқайдан бүкіл алаң тенселіп кетті.

Ак «Волгадан» түсіп жатқан Қауқайдың көзіне жас іркілді. Пудра езіліп, беті айғызы-айғызы боды. Бірақ соған қарамастан, Ленин есткерткіші түбіндегі митинг бүкіл еңбекшілердің аса зор саяси өрлеуі үстінде өтті. Митинг сонында үш баптан тұратын тағы бір қаулы қабылданды:

1. Данкты жерлесіміз, пролетариаттың ұлы қосемі Бөлежан Илиясұлы Ұланбайскийдың есімін тұған ауданына беру туралы жоғары орындардың алдына мәселе қойылсын. (Бұл жерде Ұланбайский деген сөзді тым казақшаланып кетпесін деп ауданның бірінші басшысы жазғызған еді).